

# ШАКАРИМ ШАҢҰРАҒЫ



Ақпараттық-танымдық басылым

2022 жыл №1 (137) қаңтар

## Осы санда



САПАЛЫ БІЛІМ  
ЖОЛЫНДАҒЫ  
ЖАҢА КЕЗЕҢ

4 бет



СРАЗУ НЕСКОЛЬКО  
СТАРТАП ПРОЕКТОВ  
ЗАПУСТИЛИ  
В УНИВЕРСИТЕТЕ  
ШАКАРИМА

5 стр



ДӘЛДІК  
ДИАГНОСТИКАСЫН  
КӨЗДЕГЕН ЖАҢА ЖОБА

6 бет



## «ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ» - РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

*Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» байқауының 2021 жылдың мықтылары анықталды. Аталған байқауға Шәкәрім университетінен 8 оқытушы қатысып, 7 педагог үздіктер қатарынан көрінді.*

- **Какимов Айтбек** - техника ғылымдарының докторы, профессор;
- **Атантаева Бақыт** - тарих ғылымдарының докторы;
- **Жолымбаев Оралтай** - физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Беленко Оксана** - психология ғылымдарының кандидаты;
- **Актанова Айман** - филология ғылымдарының кандидаты;
- **Касымов Асқар** - қауымд.профессор м.а., PhD;
- **Кливленко Алексей** - қауымд.профессор м.а., PhD.

Конкурсқа еліміздің 76 жоғары оқу орнынан барлығы 718 үміткер қатысты. Білімдері мен біліктіліктері басым болған сапта осылайша университетіміздің 7 оқытушысы өз ортасынан озық бола білді. Байқау – профессор-оқытушылардың ғылыми-педагогикалық қызметі, сапалық-сандық көрсеткішіне сәйкес бағаланған.

Конкурс ҚР БФМ ақпараттық жүйесінің базасында өтті, оның көмегімен қатысушыларда барлық кезеңнің ашықтығын бақылауға мүмкіндік болды. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» байқауына қатысу үшін өтінімдер мен құжаттар да электрондық форматта қабылданды. Бұл конкурсты өткізудің ашықтығын қамтамасыз етті. Сондай-ақ комиссия құрамында ҰЕҰ, БАҚ, студенттік және жастар ұйымдарының, ЖОО қауымдастықтарының өкілдері және білім беру саласындағы сарапшылар болды.

Shakarim University Media centre

Жалғасы 8-9 беттерде

## УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

# ПУБЛИКАЦИОННАЯ АКТИВНОСТЬ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО

В настоящее время наиболее ценным активом любого вуза является профессорско-преподавательский состав (ППС), поскольку от квалификации, качества и эффективности его работы зависит успех образовательной деятельности, что напрямую связано с конкурентоспособностью учебного заведения.

Остепененность университета на сегодняшний день составляет 57%, это связано с количеством ППС после аттестации и конкурсного отбора кадров, так же увеличилось количества молодых ученых на 4 человека. На сегодня в вузе работают 362 преподавателя (без совместителей), из них 33 – докторов PhD, 19 – докторов наук, 128 – кандидатов наук.

Сведения остепененности кафедр университета представлены в таблице 1, из которых следует, что 6 кафедр из 17 имеют остепененность выше 60%.



**Таблица 1 – Сведения об остепененности кафедр университета  
(данные по состоянию на 24.12.2021 г.)**

Кафедра	Кол-во ППС	% остепененности
Казахская филология и журналистика	17	100
История и право	22	77
Ветеринария	23	65,2
Техническая физика и теплоэнергетика	11	62,5
Сельское хозяйство и биоресурсы	16	61
Химические технологии и экология	15	60
Технология пищевых производств и биотехнология	25	48
Экономика и финансы	21	48
Технологическое оборудование и машиностроение	18	47
Естественно-научные дисциплины	17	45
Педагогика и психология	23	42
Автоматика и информационные технологии	17	41,1
Физико-математические науки и информатика	32	31
Иностранные языки	39	29
Геодезия и строительство	11	25
Физическая культура и спорт	18	11
Искусство и музыка	22	10

Ученые звания в 2021 году получили 7 человек и 3 доктора PhD получили утверждение.

Известно, что одним из базовых показателей эффективности деятельности вуза является публикационная активность его сотрудников. Публикационная активность – это результат научно-исследовательской деятельности автора или научного коллектива, воплощенный в виде научной публикации, например, журнальной статьи, статьи в коллективном сборнике, доклада в трудах научной конференции, авторской или коллективной монографии. Наличие публикации является обязательным условием в определенных случаях, например, при получении автором грантов на научные исследования и научные стажировки, при присуждении академических и ученых степеней и званий, квалификационных категорий, а также при определении победителя в рамках проведения различных конкурсов, оценивающих уровень профессиональной активности номинантов.

Публикационная активность ППС университета повысилась по сравнению с прошлым годом, публикации статей на 55%, тог-

да как количество монографий уменьшилось, это связано с удаленной работой преподавателей.

За 2021 год было издано научных трудов: 10 монографий (116,26 п.л.); 28 учебных пособий (385,9 п.л.); 18 учебно-методических пособий (133,6 п.л.); 555 научных статей и тезисов докладов (24,03 п.л.), в том числе на базе Scopus – 62, Web of Science – 29; получено 17 свидетельств о государственной регистрации прав на объект авторского права РК, 6 патентов и 2 положительных решений о выдаче патента РК на полезную модель.

В развернутом виде публикационная активность по кафедрам представлена на рисунке 1. Публикационная активность кафедр определялась по рецензируемым международным базам и по первому автору, лидирующие позиции занимают кафедры Технология пищевых производств и биотехнологии, Технологическое оборудование и машиностроения по 26 и 21 статей, тогда как остальные кафедры имеют от 6 и менее количество статей.




Рисунок 1 – Научные публикации в разрезе кафедр за 2021 год

Активность по научным статьям в базах Scopus, Web of Science и КОКСОН, охранные документы представлены в разрезе факультетов, лидирующие позиции по трем показателям занимают три факультета ИТФ, ГЭФ, ЕМФ (таб. 2).

Факультет	Количество научных публикаций за 2021 г. (Scopus, Web of Science)	Количество научных публикаций за 2021 г. (КОКСОН)	Охранные документы и авторские свидетельства за 2021 г.
1. ИТФ	60	25	13
2. ГЭФ	18	16	12
3. ЕМФ	6	13	11
4. ФФ	4	6	7
5. ФВиА	3	4	1

По сравнению с прошлым годом рост публикаций на базе Scopus вырос на 6 публикаций, а Web of Science на 11 публикаций.

Повысилась также доля численности ППС с индексом Хирша, это связано с уменьшением общего количества ППС и увеличением публикационной активности на базах Scopus и Web of Science. Представляем TOP 5 преподавателей, имеющих самый высокий индекс Хирша по университету:

1. Оксханова Э. – 17
2. Есимбеков Ж. – 14
3. Какимов А. – 6
4. Асенова Б. – 6
5. Молдабаева Ж. – 6.

Личная публикационная карьера ученого выстраивается для того, чтобы вывести его на мировой уровень в научном сообществе, занять достойное место в рейтингах и успешно конкурировать на национальном и международном рынке образовательных услуг. С этой целью ученому необходимо активизировать научную деятельность и повысить качество производимого на-

учного продукта. Результатом научной деятельности ученого выступает его публикационная активность в ведущих научных изданиях и повышение их цитируемости.

Для успешной публикационной карьеры ученый должен обладать соответствующими компетенциями: владеть иностранным языком на уровне, достаточном для профессионального общения и написания научных статей и докладов; иметь навыки в работе с электронными информационными ресурсами; уметь анализировать персональную научную результативность и результативности университета в целом.


В регулярных публикациях заинтересованы не только сами сотрудники, но и университет в целом, поскольку количество научной продукции является ключевым индикатором при получении организацией аккредитации на научную деятельность, при расчете рейтинга организации среди научных и образовательных учреждений, при подаче конкурсных заявок на проведение научных и исследовательских работ.

**Жанар МОЛДАБАЕВА**  
и.о Члена Правления - Проректора по науке и инновациям

## АРНАЙЫ МАҚАЛА

## САПАЛЫ БІЛІМ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

*Шәкәрім университетінің басшылығы және құрылым басшылары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 27 қаңтарда Facebook әлеуметтік желісіндегі тікелей эфирде өткен кеңейтілген алқа отырысына онлайн қатысты. Жиынды ашқан ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетов ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 11 қаңтарда Мәжіліс отырысында айтқан және мемлекет басшысының басқа да маңызды тапсырмаларын сапалы әрі уақытылы орындау керек екенін ескерте келе, министрліктің 2021 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы мен 2022 жылға қойылған міндеттер және басқа да маңызды сұрақтар талқыланатынын айтты.*



Кеңейтілген алқа отырысына ҚР Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов бастап, Парламент депутаттары, т.б. жауапты қызметкерлермен қатар БАҚ қызметкерлері және педагогтер қатысты.

Жұмыстың күн тәртібінде негізгі тақырыптар бойынша ҚР білім және ғылым бірінші вице-министрі Ш. Т. Каринова, ҚР Білім және ғылым вице-министрі Қ. А. Ерғалиев, ҚР Білім және ғылым вице-министрі Б. А. Асыллова, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті төрағасы Г.І.Көбенова арнайы сөз алды.

ҚР Білім және ғылым вице-министрі Қ. А. Ерғалиев жоғары білім беру мен ғылымды дамыту жүйесіне қойылған ауқымды міндеттер мен жетістіктерге, сондай-ақ биылғы жылға қойылатын мақсаттарға тоқталды.

Осы орайда айта кету керек, өткен жылы Шәкәрім университетінің ғалымдары ҚР БҒМ-нің 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар байқауында құны 64 млн. теңгені құрайтын гранттық қаржыландыруды жеңіп алған болатын. 2021 жыл «Ғылымды дамыту» жылы деп аталып, ғалымдарымыз 215

747 804 млн теңгені құрайтын 10 гранттық жобаны жүзеге асыруда.

Отырыс барысында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған соңғы үндеуі аясында білім мен ғылымның негізгі міндеттері белгіленді. Ағымдағы жылы жоғары білім беру саласында студенттердің білім сапасына, ғылымды дамытуға, педагог кадрларды қайта даярлауға және еліміздің жоғары оқу орындарына шетелдік ғалымдарды белсенді тартуға баса назар аударылатын болады.

Педагогикалық сапа мүддесінде Шәкәрім университетінде өткен жылы үлкен өзгерістер болды. Академиялық дербестік аясында маусым айында 7-22 аралығында оқытушылар аттестациясы, ал 28-29 маусым аралығында құрылымдық бөлім басшыларының бос лауазымына байқау өтті. Байқауда 114 бос орынға 195 өтініш берілді.

Жоғары білімге қолжетімділікті кеңейту аясында техникалық және IT-бағыттарға арналған гранттар саны ұлғайтылды. Білім ордасы өз қызметкерлеріне материалдық және әлеуметтік көмек көрсетеді. Университеттің Ғылыми кеңесінің

шешімімен 2021-2022 оқу жылына қызметкерлердің балаларына арнайы жеңілдіктер қарастырылды. Сонымен қатар, талантты мектеп түлектеріне «Шәкәрім гранты» тағайындалды. Оқу орнында ең төменгі жалақы алатын қызметкерлердің еңбекақы көлемі көтеріліп, профессор-оқытушылар құрамына минималды жалақы көлемі тағайындалды.

Шетелдік серіктестермен ынтымақтастықты дамыту оқу орнымыздың басты стратегиялық бағыттарының бірі. Білім беру сапасын арттыру мақсатында АҚШ, Оңтүстік Корея, Италия, Польша, Түркия, Грузия, Украина, Ресей, т.б. мемлекеттердің ЖОО-мен маңызды меморандумдарға қол қойылды. Сонымен бірге шетелдік университеттермен академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүзеге асырылуда. Мәселен, Польшаның Быдгощ қаласындағы Экономика университетінде 13 студент білім алып жатса, Түркия еліне 16 студентіміз аттанды. Халықаралық серіктестермен қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша дайындық жүзеге асырылып, Оңтүстік Кореяның Kyungdong университетінде серіктестіктің алғашқы түлектері дипломдарын алды. Италия елімен итальян тілі курстары ашылды, ынтымақтастық орталығын ашу жоспарлануда, Италияда білім алушылар мен оқытушылардың ұтқырлығы үшін келісімдер бекітілді. Ұзақ мерзімді халықаралық ынтымақтастық заманауи білім берудегі жоғарғы оқу орындарын интернационалдандырудың басты арнасы.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің тікелей эфирде өткен кеңейтілген алқа отырысы халықтың көкейіндегі мәселелерді қозғады деп ойлаймыз. Жасалар жұмыстардың ауқымы кең, жоспары анық. Игі бастамаларға сәттілік тілейміз.

**Оразаалиева Арайлым**  
Кәсіпкерлікті дамыту және  
коммерциаландыру  
бөлімінің жетекшісі

СТАРТАП ЖОБАСЫ

# СРАЗУ НЕСКОЛЬКО СТАРТАП ПРОЕКТОВ ЗАПУСТИЛИ В УНИВЕРСИТЕТЕ ШАКАРИМА

*Сегодня в Казахстане инновации стали двигателем экономики, однако основным источником талантов и квалифицированных кадров были и остаются высшие учебные заведения с качественным образованием и собственными технопарками или производственными цехами. Одним из таких вузов в стране является Университет Шакарима, в котором 27 января 2022 года были запущены сразу несколько стартап проектов.*

## ОТКРЫТИЕ ФИЛИАЛА КАФЕДРЫ «ТЕХНОЛОГИЯ ПИЩЕВЫХ ПРОИЗВОДСТВ И БИОТЕХНОЛОГИЯ»

Первым знаковым событием этого дня стало открытие филиала кафедры «Технология пищевых производств и биотехнология» на базе Семейского филиала ТОО «Казахский научно-исследовательский институт перерабатывающей и пищевой промышленности».

Договор о сотрудничестве в торжественной обстановке подписали Председатель Правления-Ректор Университета Шакарима Бауыржан Ердембеков и директор Семейского филиала ТОО «Казахский научно-исследовательский институт перерабатывающей и пищевой промышленности» Ануарбек Суйчинов. В рамках которого планируется проведение исследовательских работ преподавателей кафедры и обучающихся, а также реализация совместных научных проектов.

«Как сказал президент Касым-Жомарт Кемелевич Токаев, сегодня всем вузам нужно укреплять именно технические специальности, поэтому мы решили открыть филиал кафедры на базе данного НИИ. Кроме того, сегодня нашей главной задачей является подготовка качественных специалистов, в данном случае именно инженеров технологов, и я думаю, что подписанный нами договор, обеспечит нам квалифицированные кадры в области пищевой и перерабатывающей промышленности. Очень радует, что теперь наши студенты смогут закреплять свои теоретические знания на практике», – сказал Бауыржан Ердембеков.

По словам Ануарбека Суйчинова, подписанный договор о создании кафедры на базе института является мостом между наукой и производством, а также отличной возможностью для совершенствования профессионального образования студентов.

«Наш институт сотрудничает непосредственно с Университетом Шакарима уже несколько лет, и меня очень радует, что сегодня мы подписали договор о создании филиала кафедры. У нас есть колбасный цех, механический цех и студенты смогут здесь проходить производственную практику. Также мы сейчас начинаем совместный проект с учеными университета. Ноу-хау нашего проекта заключается в том, что при производстве пончиков, мы добавляем мясокостную пасту, которая изготавливается из позвоночно-реберной части животного, где имеется максимальное содержание минеральных веществ: Кальций, Фтор, Железо. То есть мы превращаем кость в пасту, которую после добавляем в мясные продукты. А



вообще эта кость во всех колбасных цехах не перерабатывается. В крайнем случае сжигается или выбрасывается в мусорку», – рассказал Ануарбек Суйчинов.

При этом коммерциализация данного проекта заключается в том, что изготовленная продукция будет реализовываться населению города.

«Здесь у нас двойной эффект – решаем продовольственную программу нашего региона и за одно обогащаем ее всеми необходимыми минеральными веществами», – подчеркнул А. Суйчинов.

Между тем, профессор кафедры «Технологическое оборудование и машиностроение» Айтбек Какимов поделился идеей создания стартап проекта.

«Тема проекта имеет свою вековую предысторию. Если вернуться во времена нашего кочевого образа жизни, то наши предки падая с лошади, никогда ничего не ломали. Даже если им было по 60 или 80 лет. Потому что они всю свою жизнь питались сырьем животного происхождения. То есть они потребляли костное сырье. Однако сейчас это стало абсолютно непопулярным. И мы решили возродить давно забытое старое, потому что сегодня у современных людей наблюдается нехватка Кальция биологического происхождения, а также микроэлементов», – сказал Айтбек Какимов.

Вместе с тем, профессор рассказал, что руководителем этого проекта является один из его студентов Жанибек Есимбеков, коммерческим реализатором и руководителем производства – Ануарбек Суйчинов, а сам Айтбек Какимов является генеральным консультантом проекта.

## ОТКРЫТИЕ ВЕТЕРИНАРНОЙ АПТЕКИ И МИНИ-ФЕРМЫ ПО ВЫРАЩИВАНИЮ ПЕРЕПЕЛОВ

Следующим стартап проектом Университета Шакарима стало открытие ветеринарной аптеки, которая была создана при поддержке факультета Ветеринарии и агроменеджмента, а также научного центра «Агротехнопарк».

Торжественное открытие также прошло с участием Председателя Правления-Ректора – Бауыржана Ердембекова, который в своей речи отметил, что будущее страны заключается в развитии сельского хозяйства и животноводства, и именно поэтому Университет Шакарима планирует уделять больше внимания специальностям, связанным с этой сферой.

Как рассказала декан факультета Ветеринарии и агроменеджмента Айнура Койгельдинова, в ветаптеке есть все лекарства, которые используются для лечения животных. Что касается цен, то все они приемлемые, а некоторые даже ниже оптовых.

Еще одним важным стартап проектом стало открытие мини-фермы по выращиванию перепелов на базе научного центра «Агротехнопарк» при факультете Ветеринария и агроменеджмент.



«Цель проекта – производить качественную и полезную для населения продукцию. Особенностью птицы перепелки в том, что она очень быстро растет и не требует большого помещения. Помимо этого, она менее подвержена различным заболеваниям. Самое главное – конечный продукт перепелки очень полезный. Яйца небольшие и содержат в несколько раз больше микро- и макроэлементов, чем куриные. В целом, все это очень полезно для человеческого организма. Однако эта птица требует особого ухода. К примеру, температура внутри брудера должна быть стабильной. Очень важно ее правильно поддерживать, иначе цыплята не созреют должным образом», – рассказал старший преподаватель кафедры ветеринарной медицины Даулетбек Муратбаев.

Стоит сказать, что на данный момент количество перепелок более 50 штук, но как сообщил Даулетбек Муратбаев, в будущем их количество планируется увеличить до 400 штук.

Отметим, что все эти события приурочены к подведению итогов научной деятельности Университета за 2021 год.

**Акерке ТУРСУНОВА**  
пресс-секретарь

## УНИВЕРСИТЕТ ЖОБАЛАРЫ

ЖАҢА ЖОБА -  
«ҮЗДІК СТУДЕНТ»

Шәкәрім университеті «ҮЗДІК СТУДЕНТ» жобасын ұсынады.

Ғылыми Кеңес шешімімен осы жоба аясында «ҮЗДІК СТУДЕНТ» медалі дайындалды.

Медаль жыл бойында ғылым, білім және спорт саласында республикалық, халықаралық байқаулар мен жарыстарда жүлделі болған білім алушыларымызға тапсырылады.

Медалға оқу жылының соңында «TOP-10» жобасының үздігі болып танылған, ELIT деңгейіне жеткен студенттер де ие бола алады.

Сонымен қатар аталмыш үздіктерімізге Ғылыми Кеңес шешімімен бір реттік «Шәкәрім» стипендиясы беріледі.

НОВЫЙ ПРОЕКТ -  
«ҮЗДІК СТУДЕНТ»

Дорогие студенты, с радостью сообщаем Вам, что в Университете Шакарима впервые стартует проект «ҮЗДІК СТУДЕНТ», который был инициирован руководством вуза. Так, в рамках проекта специально разработана медаль для лучших обучающихся.

Обладателями медали смогут стать студенты, занявшие призовые места на республиканских и международных олимпиадах в области науки, образования и спорта в течение всего учебного года.

Кроме того, по окончании учебного года медалью могут быть награждены студенты, достигшие уровня ELIT в рамках проекта «TOP-10».

Также стоит отметить, что по решению Ученого совета лучшим студентам будет присуждена единовременная стипендия «Шәкәрім».

ҚР Білім және ғылым министрлігі жоғарғы оқу орындарында жастардың білімін, белсенділігін анықтау мақсатында диагностикалық жүйе енгізуді ұсынған болатын. Диагностикалық жүйе - статистиканың тазалығына кепіл. Осыған орай Шәкәрім университеті басшылығы IT мамандарымызбен ақылдаса отырып, Shakarim.edu.kz сайтына студенттердің KPI жүйесін орнатты.

ДӘЛДІК ДИАГНОСТИКАСЫН  
КӨЗДЕГЕН ЖАҢА ЖОБА

Студент KPI-ы – стратегиялық және тактикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін білім алушылардың үлгерімі мен басқа да игі жетістіктерін нақтылап беретін жүйе. Студенттердің KPI - жинаған баллдарына сәйкес есептеледі. Баллдарын есептеу кезінде төрт негізгі критерий бойынша жиынтық нәтижесі ескеріледі:

- Оқу үлгерімі
- Ғылыми зерттеу жұмысы
- Қоғамдық және шығармашылық жұмысы
- Спорттағы белсенділігі.

Студенттердің KPI жүйесінің дәлдігін жіті бақылап, баллдарын қойып отыратын құрылым - Жастар саясаты департаменті. Сондықтан KPI жүйесі сайттың «Жастар саясаты» бөлімінде орналасқан. Оның ішіндегі «Студенттер жетістігі» батырмасын басып, ай сайын ең үздік 100 студенттің тізімін көре аласыздар.

Білім алушылардың белсенділігін арттыру, бәсекелестікке бейім заманауи жас тұлғаны қалыптастыру мақсатында Медиа орталық «TOP-10» жобасын ұсынады.

**Жоба тәртібі бойынша:**

Медиа орталық ең үздік он студенттің тізімін университеттің әлеуметтік желілеріне ай сайын жариялап тұрады.

Мамыр айында ағымдағы жыл соңына дейін «TOP-10»-тан түспей, бәсекелестікте өзін таныта білген ең үздік үш студентпен «TOP-10 Elite» подкасты жүргізілетін болады.

Подкаст контексіне орай үздіктермен үлгі мақсатында роликтер дайындалып, әлеуметтік желілерде таратылады.

Оқу жылының соңында «TOP-10» жобасы бойынша ең үздік ондыққа университет тарапынан «Шәкәрім» стипендиясы табысталады.

Студенттердің белсенділік көрсеткішін сараптай келе, 2021 жылдың соңғы желтоқсан айында білім сапасы мен қоғамдық жұмыстарда көш бастаған ҮЗДІК 10 СТУДЕНТТІ шын жүректен құттықтаймыз!

**Сонымен желтоқсан айының қорытындысы бойынша үздіктеріміз:****Elite:**

- Сүлейменов Нұрбол Ерболұлы – Инженерлік-технологиялық факультеті
- Сейтназарова Диана Рашидовна – Гуманитарлық-экономика факультеті
- Қайрат Айдос Қайратұлы - Гуманитарлық-экономика факультеті

**Premium:**

- Хамитова Әсия Асқарқызы - Гуманитарлық-экономика факультеті
- Омарова Аяжан Бауыржанқызы – Филология факультеті
- Құрманғалиев Ерасыл Асқарұлы - Инженерлік-технологиялық факультеті
- Рамазанов Фани Аманғазыұлы - Гуманитарлық-экономика факультеті
- Бопабаева Әсемгүл Тимурқызы - Гуманитарлық-экономика факультеті



- Ақмырза Бекзатхан Қанжарбекұлы - Инженерлік-технологиялық факультеті
  - Еркін Айым Маратқызы - Филология факультеті
- Шәкәрім университеті тынысына, тынымсыз тіршілігіне қанығып, келе жатқан жас мамандар, алар асуларыңыз алда болсын!

## ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ: СЫН МЕН МІН

Апостилді, заңды екен деп немесе оқу орнымыз көп бейімді, яғни көп салалы деп, мамандықтар санын көбейту – университет ертеңіне кепіл бола алмайды. Университет басшысы былтырдан бері айтып келе жатқан осы ұстанымын тағы да алдыға тартты.

Университет ректорлығы мен Инженерлік-технологиялық факультеттің профессор-оқытушылар құрамымен бүгінгі кездесуі осылай оқу орнының профилдену саясатынан басталды. Бәсекеге қабілетсіз мамандықтарды жауып, тек үздік мамандықтарға екпін түсіріліп, солардың дамуына жол аша түсуіміз қажет. Сондай-ақ ондай мамандықтарды оқытуда республикалық аккредитациялық және рейтингтік агенттіктердің талабының алдында ақтап алып шығу да еңбектің күші.

Университет ректорының тоқталған мәселелерін Білім сапасын бақылау орталығының жетекшісі Ж.Мұқаев республикалық аккредитациялық және рейтингтік агенттіктердің мониторинг қорытындысы бойынша дайындалған слайдтар арқылы көрсетіп отырды.

Басқа да мәселелер бойынша деректер ортаға салынып, оқу жылының бірінші жарты жылдығында жасалған жұмыстарды саптап, кеткен кемшіліктер мен олқылықтар талқыланды.

Жиында факультеттің барлық тынысы – кадрлық әлеуеті, оқытушылардың ғылыми жұмыстарының жариялымы, құрылымның ғылыми жобалары, «Үздік ғылым қызметкер - 2021» конкурсындағы құрылым көрсеткіші, контенттік мониторинг, 2021-2022 оқу жылындағы кафедралардың даму жоспарының барысы, студенттердің білім сапасына қанағаттанарлығын бағамдайтын анкета жүйесінің бүгінгі нәтижесі, ПОҚ-тың жеке жоспарларының орындалу барысы, оқытушылардың сабақты босату фактілері



және жауапсыздыққа жасалған шаралар қорытындысы – барлығы-барлығы талқыланды. Жарты оқу жылы бойынша кеткен олқылықтар мен кемшіліктерге қарсы шаралар нақтыланып, құрылым басшыларына тапсырмалар берілді.

Аталмыш шаралар келесі жарты жылдық бойы үзбей қадағалауда болып, жыл аяғындағы осындай талқылауда оң нәтиже көрсетеріне сенім артамыз. Шаңырағымыздың мерейі арта бергей!


**Еркебұлан МҰҚАШЕВ**  
Media орталық жетекшісі

## ОБМЕНИВАЯСЬ ОПЫТОМ И НОВШЕСТВАМИ

**21 января в ZOOM-е состоялась онлайн-встреча руководства Университета имени Шакарима г.Семей и Университета имени Сулеймана Демиреля г.Алматы на которой были обсуждены вопросы психологической поддержки студентов и внедрения системы диагностики КРІ в высших учебных заведениях.**

Целью встречи стал – обмен опытом между университетами по вопросам образования, которые в частности касались создания и роли Центра психологической помощи. Во время мероприятия проректор по социальному развитию Университета имени Сулеймана Демиреля Малик Сатаев поделился историей становления и развития центра, а также рассказал о его успешном функционировании.

«Мы создали центр на базе нашего университета, в котором психологическую помощь могут получить все студенты. Одной из главных задач нашего центра являются индивидуальные консультации, по которым мы анализируем проблемные темы. Например, неуверенность в себе, семейные отношения, тревожность, перепады настроения, академические трудности и так далее, – сказал Малик Са-



таев. – Кроме того, этот центр предназначен не только для психологической поддержки, но и является местом отдыха – своего рода коворкинг-центром. Роль такой службы неоценима и в настоящее время очень актуальна. Особенно с ростом суицидов среди молодежи у нас в стране».

В свою очередь проректор по социальной и воспитательной работе Университета Шакарим Берікхан Іісбекұлы рассказал и наглядно показал коллегам из Алматы специальную разработанную платформу

для определения КРІ.

«Эта система внедрена в нашем вузе в этом учебном году. Она позволяет мониторить достижения студентов по 4-м основным направлениям: образование, спорт, общественная и научно-исследовательская деятельность. Студентам, которые станут лидерами по всем этим направлениям за весь учебный год – будет предусмотрена именная стипендия и многое другое. Мы заинтересованы в том, чтобы наши студенты развивались по всем направлениям и стали высокопрофессио-

нальными специалистами. И на сегодняшний день руководство нашего вуза делает все возможное для этого», – заявил Берікхан Іісбекұлы.

Он считает, что такие встречи оказывают огромное влияние на развитие социально-воспитательной работы университетов и поэтому будут иметь свое продолжение.

«Согласно поручениям министерства образования и науки РК, мы должны принимать различные стратегические решения по обновлению современного образовательного процесса. Таким образом, у нас в Казахстане сегодня начитывается около 130 вузов, в которых 130 различных методов и видений. Именно для этого, мы сегодня организовали встречу с представителями SDU, то есть с целью обмена опытом. К примеру, в настоящее время они успешно запустили Центр психологической службы. Главная идея наших коллег заключается в том, что этот Центр работает в практическом направлении. Я думаю, что такие встречи приносят колоссальную пользу для нас, и считая их очень эффективными», – отметил Берікхан Іісбекұлы.

**Ақерке ТУРСУНОВА**  
Пресс-секретарь

# «ҮЗДІК ОҚЫТУШЫ» - Р

## КАКИМОВ АЙТБЕК -

техника ғылымдарының докторы, профессор

Айтбек Қалиұлы еселі еңбегімен елімізге танымал ғалымдарымыздың бірі. Тамақ өндірісінің технологиясы мен техникасы бойынша өзінің ғылыми мектебін қалыптастырған. Оның жетекшілігімен 1 докторлық, 7 кандидаттық және 8 PhD диссертация қорғалды.

Ғалымның тиянақты да жүйелі тындырған еңбегінің арқасында ҚР БЖҒМ құрметті қызметкері, 2007 ж. Семей қаласының үздік ғалымы, 2009 ж. және 2021 ж. ҚР БЖҒМ ЖОО үздік оқытушысы, 2009-2010 ж. ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандар үшін мемлекеттік ғылыми стипендияның стипендиаты, ғылыми хатшы, докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес төрағасының орынбасары болды. Көптеген ғылыми жобаларды гранттық қаржыландыру конкурстарының жеңімпазы.



## АТАНТАЕВА БАҚЫТ -

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Бақыт Атантаева тарих саласына ерекше үлес қосқан тұлғаларымыздың бірі. Оқытушылықтан бастап Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің Халықаралық қатынастар және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры қызметтерін атқарған.

Педагогикалық еңбек өтілімі 35 жылды құрайды. Магистранттар мен PhD-докторанттардың ғылыми жетекшісі, «Тарих» мамандығы бойынша гуманитарлық және педагогика ғылымдарының 20-дан астам магистрлерін дайындады. Эразмус бағдарламасы бойынша шетелдік серіктес жоғары оқу орындарына барып, Экология және менеджмент университеті мен Памуккале университетінің студенттеріне дәріс оқыды. Франция, Қытай кітапханалары мен мұрағаттарында іздеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, мемлекетаралық көші-қон мәселесі, Қазақстан этностарының тарихы мәселелерін қозғаған.

2008 және 2021 жылдары ҚР БЖҒМ өткізген байқау қорытындысы бойынша ғылыми және педагогикалық қызметтегі жоғары жетістіктері «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағына ие болды. 2009 жылы ғылым саласында қол жеткізген жетістіктері үшін ҚР БЖҒМ «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды.



## ЖОЛЫМБАЕВ ОРАЛТАЙ -

физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент

Оралтай Жолымбаев оқыту әдістемесіне терең мән беретін, оқу үрдісіндегі инновациялық ізденістердегі жаңалықтарды назардан тыс қалтырмайтын – ұстаз. Қазақтың көрнекі математиктері Т.Ы.Аманов, С.Х.Боқаев атындағы аймақтық дәрежедегі оқушылардың математикадан олимпиадасын дәстүрлі өткізуді қолға алып, қара шаңырақтың танымалдығын арттыруда өз үлесін қосып келеді. Оралтай Мұратханұлы «Егемен Қазақстан», «Семей таңы», «Дидар» сынды республикалық, облыстық басылымдарға жиі мақалалар жазады.

Жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда үлкен рөл атқаруда. ҚР БЖҒМ 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және ғылыми-техникалық жобалары бойынша гранттық қаржыландыруды жеңіп алған. Өнегелі өмірі көпке үлгі ғалым-ұстаздың бірі.



## АҚТАНОВА АЙМАН -

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Ақтанова Айман жас буынға білім беру жолында еңбек етіп, білім саласында болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтарды қапы қалдырмайтын маман. Ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі 28 жылды құрайтын тәжірибелі ұстаздың ғылыми жұмысының негізгі бағыты – қазіргі қазақ балалар әдебиеті мен драматургиясы.

ЖОО ұзақ жылғы еңбегі және Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің Алғыс хатымен, Семей қаласы әкімінің грамотасымен және 2018 жылы Шәкәрім медалімен марапатталды. Сонымен қатар 2009 және 2021 жылдары «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды.

Айман Советқызы өмірінің барлығын ұстаздық етуге арнаған, ұстаздардың ұстазы, тұлға деген атқа шын лайық адамдардың бірі де бірегейі.





# РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

## БЕЛЕНКО ОКСАНА -

психология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Кез-келген мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы жолында ұстаздардың алатын орны айрықша. Осындай мәртебелі қызметтің тұтқасын ұстап, ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген жандардың бірі – Оксана Геннадьевна Беленко. Психология мұғалімі мамандығы бойынша практикалық психолог, бірқатар оқу, оқу-әдістемелік құралдар, 90-нан астам жарияланымдардың авторы.

Оксана Геннадьевна, әр студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, студенттердің әлеуметтік белсенділігін, олардың мәдениеті мен ойлауын қалыптастыруды мақсат етеді. Сонымен қатар оқу үрдісінде жаңа ақпараттық технологияларды, факультет студенттерін оқытудың жаңа әдістерін енгізу бойынша табысты жұмыс жүргізеді және психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту саласында жаңа идеялардың бастамашысы болды.



## ҚАСЫМОВ АСҚАР -

қауымд. профессор м.а., PhD

Шәкәрім шаңырағының басты ұстанымы ғылымға құштар жас ұстаздарға мол мүмкіндік ашу екендігі сөзсіз. Соның бірі жас ғалым Қасымов Асқар 2 докторлық диссертация мен 6 магистрлік диссертацияға басшылықты жүзеге асырады. Шәкәрім университетінің «Академиялық артықшылық орталығы» жобасының қатысушысы, университеттің жас ғалымдар кеңесінің төрағасы, «ЖОО үздік оқытушысы-2021» атағының иегері.

«Вестник НЯЦ» ғылыми басылымының рецензенті, «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің», «Ұлттық тестілеу орталығының» сарапшысы. Ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген тәжірибелі маман.

Асқар Бағдатұлы университеттің қоғамдық және мәдени өміріне белсенді қатысып, жауапкершілік пен еңбекқорлықтың жоғары деңгейімен ерекшеленеді.



## КЛИВЕНКО АЛЕКСЕЙ -

қауымд. профессор м.а., PhD

Тынбай еңбек етіп, еліміздің атынан халықаралық жарыстарда үздіктер қатарынан табылып жүрген жас ғалымның бірі – «Радиоэкологиялық зерттеулер» ғылыми орталығының жетекшісі Алексей Кливенко.

Алексей Николаевич Ұлыбритания елінің Рединг университетінің Фармация мектебінде әйгілі профессор-ғалым В.В. Хуторянскийдің зерттеу тобында ғылыми тағылымдамадан өтті. Зерттеу барысында ол гидрогельдер мен криогельдердің асқазан шырышты қабығына қатысты мукоадгезивті қасиеттерін зерттеумен айналысты.

А.Н.Кливенко еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай тер төгіп жүрген тәжірибелі маман. Әріптестер мен студенттер арасында лайықты құрметке ие.



Мыңға жуық білікті ұстаздармен сынға түсіп, жеңімпаз атанған әріптестеріміз әлемнің үздік университеттерінде тағылымдамадан өтуге, ғылыми еңбектерін жариялауға мол мүмкіндік алды.

Жеңімпаз оқытушыларға шығармашылық табыс, өркендеу мен үздіксіз даму тілейміз. Еңбектеріңіз еленіп, ұстаздық мәртебелеріңіз асқақтай берсін!


**ҮЗДІК ОҚЫТУШЫЛАРЫМЫЗДЫ ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

# УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫ СТУДЕНТТЕРМЕН ОНЛАЙН КЕЗДЕСТІ

**Шәкәрім университетінің басшылығы Zoom, Facebook, Instagram платформаларында студенттермен онлайн-кездесу өткізді, оған білім алушылардың 80%-дан астамы қатысты.**

Екінші жартыжылдықта оқу үрдісін ұйымдастыру мәселесі талқыланды. Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Индира Оралқанова Шәкәрім университеті студенттеріне келесі апта оқу қандай форматта болатынын, оқуға байланысты т.б. жайларды егжей-тегжейлі айтып берді.

Төтенше жағдайға байланысты демалыс 24 қаңтарға дейін ұзартылған болатын. Ағымдағы оқу жылының екінші жартыжылдығы өңірдегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты, білім беру аралас форматқа көшеді. Дәрістер онлайн, ал семинарлық, тәжірибелік және зертханалық сабақтар эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, офлайн форматта өткізілетін болады. 1-4 курс бакалавриаты үшін (атап айтқанда, «Ветеринариялық медицина», «Ветеринариялық санитария» және «Дизайн» мамандықтарының 4 курсы)



Магистратура мен докторантурада білім алатын 1 курс үшін оқыту толығымен офлайн форматта жүргізілетін болады. Яғни, оқу ғимараттарындағы сабақтардың барлық түрлеріне міндетті түрде қатысу қажет. Бұл ретте барлық санитарлық талаптар, яғни қашықтықты сақтау, бетперде кию, қолды санитайзерлермен өңдеу қатаң сақталуы тиіс.

Сондай-ақ, 24 қаңтардан бастап педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларының 2-4 курс білім алушыларын-

да онлайн форматта (тіісінше мектеп мекемелері офлайн форматқа көшкенге дейін) өтетін іс-тәжірибе басталады.

Проректор: «Қалған мамандықтарда практикадан өтетін ұйымның қалай қабылдайтынына байланысты. Егер, практика базасы сізді офлайн форматта қабылдайтын болса, онда сіз практикадан офлайн режимде өтесіз. Егер желіде болса, онда сәйкесінше-онлайн форматта. Сондықтан тәжірибе жетекшілерімен әрдайым байланыста

болуыңызды сұраймыз» - деп түйіндеді.

Егер студенттерде ЖРВИ белгілері байқалса, онда олар кураторларға немесе декандардың орынбасарларына шұғыл түрде хабарлау қажет.

Ауырған жағдайда студенттің қолында міндетті түрде растайтын құжат, атап айтқанда ауру туралы анықтама болуы тиіс.

Сондай-ақ, тікелей эфир барысында студенттерден келіп түскен барлық сұрақтарға жауап берілді, олар тек оқу форматына ғана емес, сонымен қатар студенттік үйде тұру ережелеріне, сондай-ақ санитарлық нормалар мен стипендияларды қамтамасыз етуге қатысты болды.

Бүгінгі біздің басты мақсатымыз - білім алушыларымызға сапалы білім беру және оларды жан-жақты дамыту. Біздің ЖОО-ның маңызды міндеттерінің бірі мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ олардың кәсіби қажеттілігін сақтау және күшейту болып табылады.

**Меруерт ЖҰМАҒАЗИНА**  
журналист


## ШӘКӘРІМДЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫ ӨТТІ

**Шәкәрім университетінің Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығында жалпы орта білім беру мекемелері, лицей, гимназия мұғалімдеріне арналған «Мектеп мұғалімдеріне арналған қысқы педагогикалық шеберлік мектебі -2022 пәндер бойынша оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу әдістемесі» атты (72 сағат) онлайн (ZOOM) білім жетілдіру курсы аяқталды.**

Курс «Ауыл мектебі» бағдарламасы бойынша ауылдық мектеп мұғалімдеріне арналған тегін біліктілікті арттыру курстарын өткізу жобасы аясында болды.

Соңғы кездері елімізде білім беру саласында қарқынды өзгерістер орын алуда. Соның ішінде, «Эксперттер пулы» жобасы белсенді қалыптасу сатысында. Сарапшылар барлық бағалау процедураларына базалық негіз болып табылады. Осыған орай, курсты өткізуге келесі мектептердің «№23 ЖОББМ», «Қ.Рысқұлбеков атындағы №33 ЖОББМ», «Т. Аманов атындағы №16 ЖОББМ», «№ 19 ЖОББМ» эксперт - пән мұғалімдері мен физика-математика ғылымдары және информатика, шет тілдер филология кафедрасы, тарих және құқық, қазақ филологиясы және журналистика кафедраларының жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылары құрамы жүргізді.

Қазіргі кезеңде екі тенденция қарқын алуда: қайта біліктілікті арттыру – рескиллинг, яғни қызметкерлерді жаңа дағдыларға жүйелі түрде қайта даярлау және human resources адам ресурстарын икемді пайдалану. Заңнамалық деңгейде икемді жұмыспен



қамту нысандарын дамыту және еңбек нарығында жобалық негізде жұмыс істеуге дайын бос мамандардың сондай-ақ әртүрлі жұмыс берушілердің болуы. Бүгінгі таңда бұл дарынды мамандарды тарту және мамандықта тұрақтату мүмкіндігін жақсартуда.

Курс тыңдаушылары көптеген өздеріне қажетті білім, іскерлік пен дағдыларының жаңа моделіне көшкенін бірауыздан айтты.

**Шолпан САТИЕВА**  
Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының басшысы, профессор

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ - ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КӨКЖИЕГІ

**Шәкәрім университеті ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлықты кеңейту мақсатында білім алушылар мен ғылым жолында ізденушілерді шет елдерде білім алуға, тәжірибе алмасуға жіберуде. Нәтижесінде, алыс-жақын шетелдердегі жетекші білім беру орталықтарымен әріптестік ынтымақтастық нығаюда.**

2021-2022 оқу жылында университетіміздің 16 студенті Түркия мемлекетінің Денизли қаласы Памуккале университетіне білім алуға аттанбақ. Осы орайда 31 қаңтар күні университет басшысы Б.Ердембеков білім алушылармен кездесті.

«Академиялық ұтқырлық - білім алушының белгілі бір академиялық кезең аралығында оқу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында басқа университеттерде оқуын жалғастыруы. Шет елде оқу - білім беру және ғылым саласында халықаралық тәжірибе алмасуға, кәсіби білім мен практикалық дағдыларды кеңейтуге, тіл үйренуге мол мүмкіндік берері сөзсіз. Білім көкжиектеріңізді, дүниетанымдарыңызды кеңейтіп, шет елдіктердің озық тәжірибелерін үйренуге

талпыныңыздар. Қазақстанға қайтып оралғанда, жинақтаған тәжірибелеріңізбен, білімдеріңізбен басқа да студенттерімізбен бөлісу қажет. Түрік жұртшылығына да салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді, әдебиетімізді насихаттаңыздар. Алда болатын Орта Азия халықтарына ортақ Наурыз мерекесін тойлау дәстүрімен бөлісіп, ұлттық құндылықтарымыз бен бай рухани мұрамызды жоғары деңгейде танытасыздар деген сенімдемін» - деді университет ректоры Б.Ердембеков.

Жиын соңында университет басшысы Бауыржан Амангелдіұлы студенттерге ізгі тілектерін білдіріп, сәт сапар тіледі.

Сондай-ақ, Шәкәрім университетінің Медиа орталығы Түркия еліне аттанушы студенттермен тығыз байланыста. Медиа орталықтың арнайы жобасы аясында шәкәрімдіктердің Түркиядағы тыныс-тіршілігі жайлы ақпараттарды әлеуметтік желілерде білім алушыларымыз Қайырбекова Айдана, Кәп Зарина мен Балсекер Еркеназ «Студент үні» айдарында бөлісетін болады.

## АКАДЕМИЧЕСКАЯ МОБИЛЬНОСТЬ – ГОРИЗОНТ НОВЫХ ВОЗМОЖНОСТЕЙ

**31 января 2022 года состоялась встреча Председателя Правления Ректора Университета Шакарима Бауыржана Ердембекова со студентами, отправляющимися на обучение в Турцию в Университет Памуккале по программе академической мобильности.**

16 студентов посетят ведущий государственный вуз с высоким международным рейтингом в городе Денизли, где обучается более 50 тысяч студентов и работают более 2 тысяч сотрудников профессорско-преподавательского состава.

В ходе встречи Бауыржан Ердембеков обсудил с обучающимися их дальнейшие планы на весенний семестр, который они проведут в Турции, а также пожелал им удачи и ярких эмоций от предстоящего путешествия и нового международного опыта.

«Академическая мобильность – это шанс расширить свой кругозор, побывать в другой стране, получить уникальный опыт обучения в высшем учебном заведении. За рубежом вы сможете не только улучшить уровень владения иностранным языком, но и культурно обогатиться. Вернувшись в Казахстан, вам необходимо поделиться накопленными знаниями и опытом с другими студентами. Кроме того, пропозандируйте наши традиции, культуру и литературу в среде турецкого народа», - сказал Председатель Правления-Ректор Б. Ердембеков.


Отметим, что Университет Шакарима под-



писал соглашение о сотрудничестве с Университетом Памуккале еще в 2013 году. Александр Койчубаев, руководитель центра международного сотрудничества отмечает высокие показатели развития связей с данным вузом, где за годы сотрудничества побывали более 200 обучающихся, около 30 сотрудников и ППС по программам обмена, обучения в магистратуре и докторантуре, совместные мероприятия и проекты.

Нужно также сказать, что Медиа-центр Университета Шакарима будет поддерживать тесный контакт со студентами, направляющимися в Турцию. О жизни шакаримовцев – Айданы Каирбековой и Арайлым Алихановой вы можете прочитать в газете «Шәкәрім шаңырағы».

Shakarim University Media centr



## ҒЫЛЫМИ ЖОБА: ИДЕЯДАН БАСТАП ІСКЕ АСЫРУҒА ДЕЙІН

**Шәкәрім университетінде ұйымдастырылған «Әлемнің VUCA контекстінде студентке бағытталған оқыту: жаңа басымдықтар» атты Қысқы мектептің Ғылым күні шеңберінде «Ғылыми жоба: идеядан бастап іске асыруға дейін» деген тақырыпта Кәсіпкерлікті дамыту және коммерцияландыру бөлімімен семинар өткізілді.**

Семинар спикерлері бөлім басшысы PhD докторы, қауымдастырылған профессор Оразғалиева Арайлым Канатовна мен жетекші маман PhD докторы Қасымова Асем Аленовна университеттің орындалып жатқан ғылыми жобаларының қазіргі жағдайына тоқталып, болашақта жарияланатын конкурстарға белсенді қатысуға шақырды.

Семинар барысында ғылыми жобаның мақсаты, конкурстық құжаттаманы әзірлеудің ерекшеліктері, орындалу тәртібі қарастырылып, оны жүзеге асыру барысындағы мәселелер талқыланды.

Тәжірибелік бөлімде семинарға қатысушылар ҰМҒТСО платформасында жеке профилдерін тіркеу үшін жүйемен танысып, тіркеу жұмыстары жүргізілді.

Кәсіпкерлікті дамыту және коммерцияландыру бөлімі

**В период с 17 по 21 января 2022 года в Университете Шакарима проводилась Зимняя школа под названием «Студентоцентрированное обучение в контексте VUCA мира: новые приоритеты».**

Первый Академический день был направлен на совершенствование мастерства преподавания и использования современных методов обучения.

Участники были распределены на четыре группы для перекрестного посещения всех семинаров, что позволило охватить максимальное количество слушателей. Количество слушателей Первого Академического дня составило 109 преподавателей.

Семинар на тему «Цифровые инструменты интерактивного взаимодействия: Edpuzzle, тестирование и анкетирование посредством Google Forms, MyQuiz – викторина в реальном времени» способствовало улучшению навыков применения различных интернет-сервисов для обогащения учебного материала и активизации деятельности обучающихся.

В семинаре на тему «Нововведения в формировании образовательных программ и силлабусов» приняли участие менеджеры ОП и представители кафедр. Они ознакомились с особенностями формирования ОП согласно требованиям ECTS и получили ответы на волнующие вопросы о введенных изменениях в рабочие учебные программы.

С целью обмена опытом по оцениванию учебных достижений обучающихся были приглашены представители школ и методисты ЦПМ, которые провели семинары по следующим темам: «Системы критериального оценивания результатов обучения и личных достижений обучающихся» и «Эффективные методы оценивания». Также учителя-исследователи уделили особое внимание на объективность, валидность и надежность применяемых контрольно-измерительных материалов для оценивания, приводили примеры по критериальному оцениванию с адаптацией для высшего образования.

**Второй день был посвящен Науке.** Департамент науки организовал серию

# ЗАВЕРШИЛАСЬ



семинаров для повышения научного потенциала профессорско-преподавательского состава.

Семинар «Базы Web of Science, Scopus, Publons, ORCID как инструменты управления научным профилем ученого» ознакомил участников с научными сервисами, особенностями ведения авторского профиля, актуальными статистическими данными баз Web of Science и Scopus.

Участники семинара «Ключевые моменты при подготовке заявок на грантовое финансирование научных проектов для технических и аграрных направлений» узнали о проблемах распределения бюджета, способах расчета налогов и об основных сложностях при подготовке заявок.

Семинар «Научный проект: от идеи до реализации» проинформировал слушателей о текущем состоянии выполняемых научных проектов университета.

Приглашенный спикер из ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, PhD, старший преподаватель кафедры социальной педагогики и самопознания Мейркулова А.Б. провела семинар «Культура и этика проведения научных исследований» для магистрантов и докторантов нашего Университета. На семинаре были рассмотрены вопросы научного творчества, нормы и кодексы проведения исследований, международные стандарты, принципы доказательности и статистики результатов научных исследований. Большое внимание уделялось изложению рекомендаций по добросовестной практике научных исследований в эксперименте и клинике.

**Третий день Зимней школы был посвящен воспитательному процессу.**

Проведены семинары, по следующим темам: «Роль образовательного пространства в формировании профессионального воспитания у специалистов в системе высшего образования», «Педагогические основы деятельности куратора академической группы», «Актуальные проблемы психологии воспитания» и «Негативное влияние нетрадиционных религиозных течений на идеологию молодежи». Проблемы духовно-нравственного воспитания, искаженное представление о доброте, милосердии, великодушии, справедливости, гражданственности и патриотизме являющиеся реалиями VUCA мира нашли свое отражение в обсуждении и были представлены решения через формирование общей культуры личности обучающихся, в том числе ценности здорового образа жизни, развития социальных, нравственных, эстетических, интеллектуальных, физических качеств.

Кроме того, третий день включал проведение Совета работодателей, целью которого является повышение качества подготовки специалистов.



# ЗИМНЯЯ ШКОЛА

На встрече присутствовали более 40 работодателей города и региона, деканы факультетов, заведующие кафедрами и менеджеры образовательных программ. Особое внимание уделялось совершенствованию содержания образовательных программ на 2022-2023 учебный год с учетом потребностей регионального рынка труда и работодателей.

**Четвертый день стал днем всестороннего развития, который включал семинары разной направленности.**

В семинаре «Образовательные программы педагогического направления: компетенции обучающихся и критерий оценивания знаний» приняли участие Менеджеры ОП педагогического направления. Семинар был направлен на разработку новых национальных программ педагогического образования с использованием лучших мировых практик и состоял из двух основных частей. В первой части рассматривались такие вопросы как «Какие элементы должны включать новые ОП?», «Что нужно учитывать при формировании новых ОП?», «Какие виды оценивания могут выявить приобретенные компетенции?» и т.д.



ции?» и т.д.

Вторая часть была посвящена распространению опыта по реализуемому проекту «Повышение потенциала педагогического образования» при поддержке МОН РК.

Семинар «Эффективность функционирования системы внутреннего обеспечения качества на основе политики и стандартов» был направлен на повышение качества деятельности университета. Рассмотрены стандарты и руководства

обеспечения качества ESG и национальная модель обеспечения качества. Изучены вопросы, связанные с отражением ESG в НПА сферы высшего образования РК. Особое внимание было уделено стандарту 1.3 Студентоориентированное обучение преподавания и оценки. Вынесены на обсуждение вопросы, связанные с функциональными обязанностями КОК факультетов.

С целью развития навыков международного сотрудничества и участия в программах и проектах интернализации был организован семинар «Международное сотрудничество регионального университета в контексте интернационализации высшего образования». На семинаре рассматривались вопросы межкультурной коммуникации, создания и имплементации международных двудипломных программ и организации обмена входящей и исходящей академической мобильности.

На семинаре «Возможности системы ais.semgu.kz и их применение в ежедневной работе» приняли участие деканы факультетов, заместители деканов и заведующие кафедрами.


Увлекательной частью четвертого дня зимней школы стала интеллектуальная игра «EduQuiz», основной целью которой является развитие здоровой конкуренции среди факультетов на основе знаний нормативных документов и новостей высшего образования. В игре использовались вопросы о нормативных правовых актах по высшему образованию, по внутренним нормативным документам университета, логические задания для определения эвристического мышления, ситуационные задания, возникающие в повседневной деятельности университета и вопросы по всемирно известным произведениям искусства, науки и культуры. По итогам интеллектуальной игры «EduQuiz» 1 место занял – Гуманитарно-экономический факультет, 2 место – Инженерно-технологический факультет и Факультет филологии, 3 место – Факультет ветеринарии и агроменеджмента и Естественно-математический факультет.

**Завершающий день зимней школы прошел на факультетах.**

Целью, которого был обмен опытом, приобретенного в период проведения зимней школы.

Церемония закрытия зимней школы состоялась в рамках заседания Академического совета, на котором были рассмотрены предложения и рекомендации по результатам проведенных семинаров.

**Департамент организации образовательного процесса**



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

**Өңірлік жоғары оқу орындары жергілікті қоғамдастықты интернационалдандыруда ерекше рөл атқарады. Осы орайда Шәкәрім шаңырағында «VUCA контекстінде студентке бағытталған оқыту: жаңа басымдықтар» атты Қысқы мектеп халықаралық деңгейде ұйымдастырылды.**

«Жоғары білімді интернационалдандыру контекстіндегі аймақтық университеттің халықаралық ынтымақтастығы» семинарларының сериясы Халықаралық ынтымақтастық орталығының базасында өтті.

Жиынға АҚШ-тың Қазақстандағы Елшілігінің өкілдері - Джон Орак Мырза (John Orak) - Мәдениет және білім беру мәселелері жөніндегі атташенің көмекшісі; Джон Сильвер Мырза (John Silver) - Ағылшын тілі бағдарламаларының өңірлік бөлімінің (RELO) басшысы; Кенесбаева Айдана - Білім беру және алмасу бағдарламаларының үйлестірушісі; Шакирова Гаухар - Ағылшын тілі бағдарламаларының үйлестірушісі қатысты.

Семинар барысында АҚШ үкіметі қаржыландыратын бағдарламалар мен жобаларға қатысу мүмкіндіктері таныстырылды.

Халықаралық ынтымақтастық орталығы интернационалдандыру үрдісіне тартылған кафедра өкілдерімен, жас оқытушылармен және университет ғалымдарымен тренингтер ұйымдастырды.

Сондай-ақ университетіміздің интернационалдандыру бағыттары, екі дипломы бағдарламаларды әзірлеу тәжірибесі, ұтқырлық және тағылымдамаларды ұйымдастыру мәселелерін қозғады.

**Халықаралық ынтымақтастық орталығы**

## ШӘКӘРІМ ҒИБРАТЫ

## АДАМЗАТҚА ОЙ САЛҒАН



Шәкәрім Құдайбердіұлы – қарапайым адамдық қатынас пен ар-ұят концепциясынан бастап, философияны да танып, беймәлімді білдіруге әрекет жасаған тұлға. Батыс пен Шығыс білімін өлеңдерінде тоғыстырып, қоғамға өзгеріс әкелетін ақын ойлары дер кезінде жазылғанымен, кешігіп жетті. Оған себеп, тарихтан белгілі, саяси тосқауылдар екені анық.

Шәкәрім – XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі өкілі. Жастайынан ақындық жолға түскен ол ұстазы әрі ағасы Абайдың жанында Көкбай, Әріп, Ақылбай, Мағауиялармен қатар жүріп, ақындық қырынан шыңдала түсті. Шәкәрім алғашқы өлеңін әкесі Құдайберді қайтқанда шығарған. Осы кезден бастап, Абай оны ақындыққа баулыды. Ақын шәкірттермен бірге поэма, өлең жазып, Абай сынына салып отырды.

Шәкәрім «Мұтылғанның өмірі» толғау-өлеңінде балалық шағым ойын-күлкімен, еркелікпен бос өтті деп өкініп былай дейді:

... Ардақты, кенже, жетім деп,  
Әлпештеді мені көп.  
Надандыққа болды сеп,  
Қақпай ешкім қабаққа.

... Он жасыма кірген соң,  
Домбыра, гармонь білген соң,  
Мылтық атып жүрген соң,  
Аңшы боп түстім азапқа.

Ақын жас күнінен әуес болған домбыра, гармонь, аңшылық пен шеберлік – бәрі еріккен ерке, жалқаудың ісі емес, дүниенің беймәлім қырларын тануға ұмтылған адамға тән сипат. «Оқыған сайын ұнадым, жолына түстім осының» деп Шәкәрім жиырмадан асқан шағында білімге бет бұрады. Осы жолда Абайды ұстаз тұтып:

... Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық,  
Замандасы болмады сөзді ұзарлық.  
Амалы жоқ айналды енді бізге,  
Күн туды етегіне жабысарлық, – деп, жастарды Абайдан өнер үйренуге шақырады.

Тарихқа үңілсек, қазақ халқында да, өзге ұлт әдебиетінде де белгілі бір тұлғаның өмірі мен шығармашылығын зерттейтін ғылыми бағыттар бар екенін көреміз. Шәкәрімтану – ақын өмірі мен шығармашылығының

беймәлім тұстарын танытатын ғылым. Жиырмасыншы ғасырдың басында басталған зерттеу қадамдары араға алпыс жылдай уақыт салып, ақын ақталғаннан соң ғана, яғни 1988 жылдан бері қарай нақты зерттеу нысанына айналды. Шәкәрімтанудың негізін салған – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов сынды Алаш қайраткерлері.

Ақынды қазақ қоғамына қайтаруға күш салғандардың бірі, шәкәрімтанудың көшбасшысы – Қайым Мұхамедханұлы. Ғалым Шәкәрімнің үкімет күшпен өшірткен атын қайтарып, ақынға жабылған жаланың негізсіз екенін дәлелдеу үшін отыз жыл бойы күрес жүргізді. 1958 жылы КСРО Бас прокуратурасы «айыбы дәлелденбеуі себепті Шәкәрім Құдайбердіевтің ісі тоқтатылады» деген жарлық шығарады. Бірақ бұнымен іс бітіп, Шәкәрім шығармалары жаппай басылым бетін көре алмайды. XX ғасырдың үшінші ширегінде жазықсыз деп танылған ақын, тек 1988 жылы ғана толық ақталды.

XX ғасырдың қатаң саяси кезеңінде өлеңдерде ауысып не басылмай қалған сөздердің көбі діни ұғымға қатысты. Кеңестік жүйе қазақ қоғамында атеизмнің тамыр жаюына барынша күш салып, ақындар өлеңіндегі «Құдай», «Алла», «Тәңірі» деген сөздерге үрке қарады. Осының салдарынан кейбір өлеңдердің негізгі мәні, автордың ойы көмескіленіп кетті. Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жарты жылдығында Көкбай, Шәкәрім сияқты «діншіл» ақындардың атын атап, өлеңін оқуға тыйым салынса, ақталғаннан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде өлеңдері «сұрыпталып», өзгертіліп жарияланып жатты. Сөздердің ауысуы, бөтен сөз қосу немесе бүтін бір тармақты мүлде алып тастау ақын ойының бұрмалануына әкелді.

Шәкәрімнің шығармаларына қатысты діншіл, түрікшіл деген айыптаулармен қатар, елден бөлек жайлағаны үшін «тыңшы» атын таңып, өзімен қоса балаларын да сан мәрте тергеуге алғаны белгілі. 1930 жылы тергеуге алынған баласы Ғафур түрмеде өз-өзін өлтіреді. Қайғыға толы осы оқиғаны Шәкәрім өлеңмен жазып жеткізген. «Бұл қайғылы өлеңі еш жерде жарияланбағандықтан және ақынның ауыр хал үстіндегі көңіл-күйін, сезім-сырын терең сипаттайтын болғандықтан, өлеңнің толық нұсқасын қалың оқырман қауымға жеткізуді мақұл көрдік» деп, Қайым Мұхамедханұлы Шәкәрімнің өлеңін толығымен жариялайды. Осылайша, зерттеуші Шәкәрімнің белгісіз болып келген өлеңін толық нұсқада оқырманға ұсынады.

Кеңестік көлеңкеде қалған ақын мұрасын зерттерп, текстологиясын түзеп, Шәкәрімді ақтау жолында батыл қадамдарға барған Қайым Мұхамедханов ақын туралы ойын былай деп түйді: «Өмірі де, шығармашылығы да ерекше Шәкәрім халыққа керек, ол біздің рухани тірлігімізді байыта түседі».

Шәкәрім – әдебиет пен тарихқа молынан үлес қосқан, әрбір шығармасының өзіндік салмағы бар тұлға. Заманы тар болмаса, ақынның қоғамға, бір ұлтқа ғана емес, адамзатқа ой салар поэзиясы, дүниені тануға жаңа жол іздеген философиясы өз уақытында бағасын алар еді.

Алтынай ТҰРСЫНОВА  
Филология факультетінің  
2-курс магистранты

2022 жылдың 27 қаңтарында  
Өнер және музыка кафедрасында  
«Семей өңір мәдениеті және заманауи өнерді зерттеу кабинетінің»  
кезекті семинары өтті.

### СЕМЕЙ ӨҢІР МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ӨНЕРДІ ЗЕРТТЕУ КАБИНЕТІНІҢ КЕЗЕКТІ СЕМИНАРЫ

Аталмыш семинарда кафедраның аға оқытушысы Жанат Наукенқызы «Проектирование в учебном процессе» тақырыбында баяндама оқыды.

Баяндамада оқытушының болашақ мамандарды әзірлеудегі тетікті механизмдерін қалай іске асырылу керектігі айтылды. Болашақ түлектердің сапалық, кәсіби құзіреттілік, танымдық т.б. қасиеттерін көтерудегі бағыт-бағдар университет қабырғасында жүрген әрбір оқытушының ұдайы есі мен жадысынан шықпайтыны шындық. Семинар барысында тыңдаушылар екі топқа бөлініп, өз көкейлеріндегі ой-түйіндерін арнаулы қағазға түсірді. Арнаулы қағазда студенттің бойынан табылу керек маңызды қасиеттер жазылған болатын. Олар: еңбекқорлық, ұйымшылдық, жасампаздық, біліктілік т.б., сондай-ақ қазіргі білім алушының кері әрекет көріністері: жалқаулық, жауапкершіліктің жоқтығы, кәсіби мамандықты игерудегі қорқыныш қасиеттері көрініс тапты.

Нәтижесінде семинар қатысушылары өзара пікірлесе келіп, бұл бөлімде студент бойынан креативтілік пен коммуникативтіліктің жоқтығы бар деген ой-түйін жасады. Осы орайда оқытушылар семинар барысының шарықтау шегінде жоғарыдағы айтып өткен екі мәселенің шешу жолдарындағы өз ұсыныстарын айтып өтті. Олар: әр адам өзінен бастау керек, әсіресе оқытушының өзіне қатысты; мамандықты терең білу шарыты; арнаулы сабақтардың тобын көбейту; академиялық сабақтардың бағытында әдістемені күшейту; қосымша ретінде арнаулы дәріс оқушы ғалымдарды шақыру деген талаптармен ұласты. Өткізілген семинар бойынша қорытынды шешім қабылдаушы (эксперт) Мадвакас Сексенбайұлы: «Ең бастысы оқу үрдісіндегі «Оқытушы мен студент» талабында – тәртіп болу керек» екендігін баса айтты.

Жиын соңында Жанат Наукенқызы: «Проектирование в учебном процессе» тек оқу тақырыбы емес, ол – әр адамның болашаққа нық қадам басу үшін жобалық моделі» деп өз сөзін түйіндеді.

Еркебұлан ТАТИЕВ  
Өнер және музыка  
кафедрасының  
аға оқытушысы

ШАҢЫРАҚ ТАРИХЫНЫҢ ТҮЛҒАМАРЫ



ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИНСТИТУТ РЕКТОРЫ  
РАХЫЖАНОВ ОРЫНҒАЗЫ РАХЫЖАНҰЛЫ

**Үстіміздегі жылдың 18 қаңтарында белгілі ғалым, жоғары мектеп саласының ардагері, бұрынғы Семей ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық институтының 1980-1986 жылдардағы ректоры Рахымжанов Орынғазы Рахымжанұлы дүниеден озды.**

Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтының Семейдегі бөлімшесі базасында құрылған технологиялық институтқа ректор болып тағайындалған Орынғазы Рахымжанов институттың материалдық техникалық базасын нығайтуға,

ғылыми-педагогикалық мамандармен қамтамасыз етуге белсенді басшылық жасады. Семей технологиялық институтының ұжымы алдыға қойылған мақсаттарға сай білім және ғылым саласында көптеген жетістіктерге жетті. Агроөнеркәсіп саласына қажетті инженер-технологтар, инженер-механиктер мен инженер-экономистер дайындау жақсы деңгейде игерілді.

Заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған лабораториялар, жаңа оқу ғимараттары, жүзу бассейні бар спорт кешені, шеберхана т.б. сол кездері іске қосылды. Студенттер мен оқытушылардың өз білімдерін одан әрі жетілдіруіне жағдай жасалынды. Студенттер өндірістік тәжірибеден өту үшін Қазақстанның ғана емес, басқа республикалардың ірі қалалары – Мәскеу, Ленинград, Рига, Таллин, Ульяновск, т.б. жіберілді.

Басқа ірі қалалардағы жоғары оқу орындары және ғылыми мекемелермен тығыз ғылыми байланыстар ор-

натылды. Оған дәлел 1983 ж. технологиялық институтта КСРО Ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік комитеті секциясының көшпелі мәжілісі өткізіліп, оған барлық одақтас республикалардың тамақ өнеркәсібі саласындағы ғалымдары мен мамандары қатысты. Бұл тамақ саласындағы институт ғалымдары зерттеулерінің алатын лайықты орнын және халық шаруашылығындағы маңыздылығын көрсетті.

О.Рахымжановтың тікелей басшылығымен 1980 жылы пайдалануға берілген спорт кешенінде Қазақстанның дзю-додан ең мықты командасы құрылып, жаттықтырылды. Команда мүшелері - студенттер, халықаралық спорт шеберлері, СССР, Еуропа халықаралық турнирлерінің чемпиондары мен жүлдегерлері атанды. Спорттағы зор жетістіктері үшін Семей технологиялық институтының құрама командасы шетелге шығуға лайық деп танылып, СССР құрамасы ретінде Польшадағы

халықаралық турнирге жолдама алды. Делегацияны ректор О.Р.Рахымжанов бастап барды.

Институтта студенттердің құрылыс және педагогикалық отрядтары құрылып, халық шаруашылығына зор үлес қосты. Аталған ауқымды іс-шараларды ұйымдастыруға басшылық жасаған, жас ғалым кадрларды дайындауға зор үлес қосқан іскер басшы, ғалым, жоғары мектеп ұйымдастырушысы Орынғазы Рахымжанұлы зейнетке шыққан соң, Алматы қаласына қоныс аударса да университетпен байланысын үзген жоқ. «Аяғез-инновация» ЖШС құрып, ғылым саласын дамытуға өз үлесін қосты.

Университет ұжымы атынан Орынғазы Рахымжанұлының жаңуына қайғырып кеңіл айтамыз. Ғалым-ұстаз ағамыздың жарқын бейнесі мәңгі есімізде сақталады.

**Құмарбек ӘМІРХАНОВ**  
техника ғылымдарының докторы, профессор

ҚҰРЫЛЫМ КЕЛБЕТІ

АЛТЫН АСЫҚ  
ҚАЛМАСЫН АЙДАЛАДА

**Гуманитарлық-экономика факультетінің Педагогика және психология кафедрасында «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша шығармашылық емтихан өтті.**

Шығармашылық емтиханның мақсаты қазіргі педагогикалық инновациялық технологияларды білім беру жүйесінде қолданыста көрсету.

Аталмыш емтиханда ерекшеленген жобаның бірі Нұрсәлімова Аяулым және Сержанова Әйгерімнің «Асық терапиясын қолданудың маңызы мен тиімділігі» тақырыбындағы жобасы.

Жоба жаңалығы: Асық – ұлттық құндылық, асықтың жойылып кетпес үшін, мен не істей аламын? деген сауалға жауап іздеп «Асықтан математикалық есеп-шот» және мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын «Асықты массаж кілемшесін» жасап ұмытылып бара жатқан құндылықтың ертеңі мен бүгінін ұштастыра білу, - деді қатысушы.

Ұлттық асық тарихын ұмыт қалдырмай, жаңашыл леппен ойындар ойлап табу да әрбіреуіміздің қолымыздан келері хақ. Асық – таусылмас мұрамен қатар, таптырмас идея. Асық төңірегінде тақырыпты бірге түрлендіре отырып, асықтарыңыз алшысынан түссін дегіміз келеді.

Шығармашылық емтихан материалы Baby Smile кабинетіне тапсырылды.

**Бейбітгүл ТҰРҒАНБАЕВА**  
педагогика ғылымдарының кандидаты,  
қауымд. профессор м.а.



ОБЛИК СТРУКТУРЫ УНИВЕРСИТЕТА

ЗНАЧЕНИЕ И ЭФФЕКТИВНОСТЬ  
ПРИМЕНЕНИЯ «АСЫК ТЕРАПИИ»

**30 декабря 2021 года на Гуманитарно-экономическом факультете кафедры педагогики и психологии студенты ДО-903у специальности «Дошкольное обучение и воспитание» защитили несколько проектов на творческом экзамене по предмету «Педагогическое новаторство в дошкольных организациях».**

Цель творческого экзамена – продемонстрировать использование современных педагогических инновационных технологий в системе образования.

Свои спецпроекты защитили Нурсалимова Аяулым и Сержанова Айгерим на тему «Значение и эффективность применения «Асық терапии» в дошкольной группе».

«Новизна проекта – асық, который является национальной ценностью, поэтому я задала себе вопрос: «Что я могу сделать, чтобы предотвратить исчезновение асыка?». В поисках ответа мы смогли соединить будущее и настоящее, создав из асыка «математический счет» и «массажный коврик», которые в дальнейшем будут использоваться в дошкольных организациях», – рассказала одна из обучающихся.

Стоит отметить, что весь материал для творческого экзамена был передан в кабинет Baby Smile.

**Бейбітгүл ТУРҒАНБАЕВА**  
кандидат педагогических наук,  
и.о. ассоциированного профессора

## ● СТУДЕНТ ҮНІ



**Аружан  
ҚАЛИМОЛДА**  
Филология  
факультетінің  
студенті

*Абай - дана, Абай - дара қазақта,  
Ұлы сөзді ұмытпа, есіңе сақта.  
Ұрпағына дана сөздер қалдырған,  
«Бес нәрсеге қашық бол, бес нәрсеге асық бол»  
деп баулыған.*

*Ақыл-ойдың көмеңгері Абай атамыз,  
Бойымызға әр сөзінен күш-қуат аламыз.  
Өзі өлсе де сөзі өлмеген бас ақын,  
Кітабын оқығанның келешегі жарқын.*

*Өмірдің өзі ғой қара сөзі,  
Біздерге айтылған дара сөзі.  
Айтарын жеткізген бір сөзбен,  
Мән-мағына құлашы кең.*

*Мақтанамын Абай ақынмен,  
Қазағым жол көрсетіп кеткен.  
Мойымай қиындықты жеңе білген,  
Жазылған өсиеті алтын сөзбен.*

*Ұмытпайық, ардақтайық Абайды,  
Дамытайық ағайын ақыл-ойды.  
Аянбайық білім жолында,  
Болашағы елімнің замандас  
сенің қолыңда!*



**Есбол  
ЖАҢАНША**  
Гуманитарлық-  
экономика  
факультетінің  
студенті

*Бодандықтың бұйдасына бас сыймай  
Талай өрлер опат болды ел үшін  
Ата-баба аманаты жолында  
Арпалысты Отан-Ана жер үшін*

*Тәуелсіздік бізге оңай келмеді  
Асау аттай бізге ырық бермеді  
Талай тар жол, тайғақ кешу күннен соң  
30 жыл болған екен келгелі*

*Азаттықтың атты таңы арайлап  
Астанамыз төрге озды сарай, бақ  
Тәуелсіздік құтты болсын еліме  
Жайнай берсін елімізде әр аймақ.*



**Алматы  
ТӨКЕНОВ**  
Филология  
факультетінің  
студенті

*Ақ парақты қолыма алдым бүгін,  
Жүрегімде жайқалтып жаздың гүлін.  
Ашылған соң ойымда жыр құшағы  
Ақындықтың танытам алағырлығын!*

*Қолын созып тұрғанда армандарым,  
Талаптанам, түл бойда қалаанда өлім.  
Өмір дейтін белгісіз жолға шығып,  
Қасқайып қарсы аламын алдан бәрін!*

*Арман қуып келгенмін алыстардан,  
Ата-ана, ауыл да алыс қалған.  
Ұлылардың үмітін ақтау үшін,  
Сүрінбеймін алдағы шабыстардан.*

*Қиындыққа қаншама жоласақ та  
Қалыбыңды қашан да дара сақта.  
Шәкәрімдей киелі шаңырақта  
Қол созамыз бал шақтан болашаққа!*

*Шығыс, Батыс, Оңтүстік өңірлері -  
Тату-тәтті, айнадай көңілдері.  
Баласындай бір үйдің бірге жүріп  
Қадам басып келеміз тек ілгері.*

*Қанжығаға майланып қазан аты,  
Заты қазақ, болғасын қазақ аты.  
Жырыменен жүректерден орын алған,  
Ең үздік - Филология азаматы!*



**Сұлтанбейбарыс  
НҰРТӨЛЕУОВ**  
Гуманитарлық-  
экономика  
факультетінің  
студенті

*Кейде ойланып жазғым келеді бір өлең,  
Бұл өлеңнің тақырыбы жоқ күрбелең.  
Кейде өзімді ойлап, толғап қарасам,  
Ішімде мұң, сыртымда бір дүрбелең.*

*Иә жақыным, өмірде күліп менде жүрген ем,  
Басында уайымы жоқ қайғысыз бір пенде ем.  
Есейгендік пе, әлде өмірдің заңдылығы ма?  
Әйтпөуір жүрекке мұң кірерін білген ем.*

*Пенде емеспін қиыншылық көрмеген,  
Көрсемдағы өз-өзімді жегідей бір жемегем.  
Қайғының келетінін білгенмен,  
Дайынмын деп жүргенмен,  
Жүректе мұң болады екен, қанша есіріп күлгенмен.*



**Құрылтайшысы:**  
«Семей қаласының  
Шәкәрім атындағы  
университеті»  
КеАҚ

Қазақстан  
Республикасының  
Ақпарат және  
коммуникациялар  
министрлігінің  
Ақпарат комитеті  
берген тіркеу куәлігі  
№ 17310-Г  
13 қазан 2018 жыл.

**Жауапты редактор:**  
**МҰҚАШЕВ Еркебұлан**

Журналист: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ  
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ  
Фотограф: Максат ЖАРҚЫНҰЛЫ

© semgu\_2020@bk.ru  
www.shakarim.edu.kz  
@universitet.shakarim

Білім алушы жастарға арналған  
ақпараттық-танымдық басылым  
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы  
университеті» КеАҚ баспаханасында  
басылып шығарылды.  
Таралымы 500 дана

**Редакцияның мекен-жайы:**  
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а